

«Ақсана» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС



Бекітемін,  
«Ақсана» бөбекжай-  
балабақшасының менгерушісі:  
Д.А.Темирова.

**Психологиялық қызметтің 2020-2021 оқу жылына  
арналған жылдық жұмыс жоспары**

Психолог : Г.Айгабылова

2020-2021ж

## 2.11 Педагог-психологтың жұмыс жоспары

№	Жұмыс жоспары	Топ	Мерзімі
1	Тәрбиеленушілердің балабақшаға бейімделуіне жағымды әсер ету	ерте жас	жыл бойы
2	Қабылдауды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар.	ерте жас	желтоқсан
3	«Педагогтардың эмоциялық жануы» тренинг	тәрбиешілер	қантар
4	Психология дамытушылық ойындар	ортаңғы топ	жыл бойы
5	«Мадактау және жазалау» психологиялық тренинг.	ата-аналар	ақпан
6	«Жағымды қарым-қатынас» психологиялық тренинг	тәрбиешілер	наурыз
7	«Менің достарым» психологиялық тренинг	ересек тобы	сәуір

## Тренинг тақырыбы: Әріптестік қарым-қатынас тренингі

### **Мақсаты:**

- 1.Мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-куат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.
- 2.Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық құндылықтарын ұсынуға көмектесу.
- 3.Қатысушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір-бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу

### **Жоспары:**

I.Kіріспе

II.Негізгі бөлім:

- 1.” Танысу”
2. “Сергіту сәті”
- 3.Топқа бөлу.
- 4.” Ой жинақтау”
- 5.Қай топ епті?
6. «Қамажай»

III Қорытынды

- 7.”Тілек шамы”
8. “Шаңырақ”

I. Kіріспе бөлім:

« Сәлеметсіздер ме, қымбатты қонақтар!

Адамдардың әлеуметтік қауымдастырының жоғарғы формасы- ұжым. Ұжым –ол қоғамға пайдалы қызметте ортақ мақсатқа жұмыла енбек ететін және

психологиялық тұрғыда топтасқан адамдар тобы. Ұжымның белгілерін А.С. Макаренко анық та толық айтып берді. Ұжым дегеніміз- жеке адамдардың өз алдына мақсат қоя ұйымдастырылған ұжымдық органдары бар комплексі. Ал, әріптестік дегеніміз- белгілі бір ұйымдарда бірігіп, жұмыс жасайтын қызметтес адамдар.

Әріптестік әр түрлі жас аралығын қамтиды. Әріптестік белгілі бір мамандықтар бойынша бөлінеді. Мәселен мұғалімдер, дәрігерлер, құрылышылар, әншілер.

Олай болса қымбатты қонақтар бүгінгі біздің тренингіздің алғашқы айналымы танысұжаттығына кезек берейік.

1. Танысу

Көңілді музыка ойнайды, жаттығуға қатысушылар шенбер жасап тұрады. Әрбір қатысушы өзінің есімін айтады және сүйікті хоббиін қоса айтады. Келесі

қатысушы өз есімін айтпас бұрын алдыңғы адамның есімін, хоббиін айтып барып, өз есімін айтады.

## 2. Сергіту сәті.

Оң қолымды көтерем, оң қолымды түсірем  
Сол қолымды көтерем, сол қолымды түсірем  
Оңға қараймын, аяқты топ-топ басамын  
Солға қараймын, біраз серігіп аламын.... дегендей біз сіздермен бірге сергіту сәтін жүргізсек. Ой, рахмет. Өте жақсы, бір серігіп қалдық деп ойлаймын.

## 3. Топқа бөлу

Ал енді тренигімізді бастамас бұрын топқа бөлінейік. Ол үшін сіздер түрлі-түсті гүлдерден өздеріңізге ұнайтын бір түсті таңдайсыздар, сол таңдаған түстеріңізге қарай топ құрып, үстелдерге жайғасып отырады. Үш топқа мына аттар ұсынылады.

I топ. Ұжымдық

II топ. Әріптестік.

III топ. Достық

## 4. «Ой жинақтау»

Әр топ мүшелері өз топтарының атауларын қорғап шығу керек. Әр топқа өз атауларына байланысты 3 сұрақтан беріледі. Ойлануға 5-10 минут уақыт.

I топ сұрақтары.

1. Ұжым дегеніміз не?
2. «Ұстаздың қолында адам өмінінің келншегі, тағдыры тұр»- дегенді қалай түсіндіресіз?
3. Өз қуанышызынды ұжыммен бөлісіңіз (Рөлге ену)

II топ сұрақтары

1. Әріптестік сөзіне тұжырымдама беріңіз.
2. Әріптестікті кім басқарған жөн (Жасына сәйкес)
3. Бір жағдайға байланысты жұмыстан сұрандызыңыз, әріптесіңізден өзініздің орнызыңға қалуға өтініш білдіріңіз (Рөлге ену)

III топ сұрақтары

1. «Достық» ұғымын қалай түсіндіресіз?
2. Достық туралы бірнеше мақал-мәтел келтіріңіз
3. Достық қыындықта көрінеді (Рөлге ену)
5. Қай топ епті?

Қазір мен сіздереге жіп таратып беремін, сол жіпті іліп өрмекші торын жасайсыздар. Сол құрыллған тордың үстіне қаламды қойып, астыны бос құмыраның ішіне қаламды түсіресіздер.

## 6. «Қамажай»

Әр қатысушы жеке 5 заттан шығарады. Әр топ жиналған заттарын мына қамажайға саламыз да топтармен алмасамыз. Енді сол заттарды шығарып әңгіме құрастырамыз, я болмаса ертегі, шағын повесть, әңгіме құрастырамыз.

Корытынды

## 7. «Тілек шамы»

Тілек шамын жағып бір-бірлеріне өз тілектерін және ыстық лебіздерін білдіру. Бұл шамды жаққан себебімәр қашан алдарыңыз осы шырақ секілді ашық, жарық болсын, оттарыңыз сөнбесін деймін. Жәнеде бір-бірлеріңізге тілек айтуларыңызды сұраймын. Тілек шамымен бірге айтылған тілектеріңіз қабыл болу мақсатында біз сіздермен бірге шаңырақ құрайық.

## 8. «Шаңырақ»

Дөңгеленіп тұрайық

Керегені құрайық

Уықтар болып иіліп

Шаңыраққа киіліп киіз үйді құрайық.

Міне сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің балабақшаларымыздың қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.